

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №5 «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4

Жоспардың құрылу кезеңі 02.05-05.05. 2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі 02.05.2023	Сәрсенбі 03.05.2023	Бейсенбі 04.05.2023	Жұма 05.05.2023
Балаларды қабылдау		Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, қабылдау есте сақтау қабілетін жетілдіру.	Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу.	Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту.	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру		Кеңес: "Үйдегі өткір, үшкір заттардан абай бол, балақай"	Ата-аналармен әңгіме «Кішкентайларға дөрекі, әдепсіз сөздер айтуға болмайды.?».	Ата-аналарға кеңес: "Мекен жайды дұрыс айту." (үйде соны қадағалау)	Балаларға кеңес: Қоғамдық орындарда өзін өзі ұстай білу:
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Үстел үсті ойын: «Дамино» Дамино ойынын үйрету.	Үстел үсті ойын: «Менің ойыншықтарым» пазл Балалармен ойыншықтар құрастыру.	«Не қайда тұрады?» Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту.	Саусақ ойыны: «Құстар канат қағады» Құстар ұшып барады, Көкте канат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шик-деп, ән салады.
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату Картотека № 17 Құралсыз (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңа жыл мерекесі» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Құрастыру жапсыру Д/ойын –Бұл қай аспаптың дыбысы? Оқу іс-әрекетімізді ұнтаспадан түрлі музыка аспаптарының дыбыстарын тыңдатудан бастаймыз. Соның ішінде домбыраға тоқталамыз. – Музыкалық аспаптардың ішінде қазақ халқының негізгі ұлттық аспабы домбыра. Педагог домбыра құрылысымен таныстырады: – шанағы; – мойны, құлағы; – пернелері; – тиегі;	Сурет салу Сөйлеуді дамыту Дене шынықтыру Ұлттық ойын: Білектесу Бір үстелдің шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын үстелге тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына қысып алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы белгі берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан	Дене шынықтыру Көркем әдебиет Қ/ойын: Үш орындық ойыны Үш орындық ойынның кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырындар деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар	Музыка Дене шынықтыру Түйіншек Ойыншылар шеңбер құрып тұрады, шеңбердің ортасына бір ұшы үлкен түйіншек болып түйілген ұзын арқан ұстаған жүргізуші шығады. Ол «Жай тұрмай, аяғыңды жоғары көтер!» – деп ескертіп, арқанды біртіндеп балалардың аяғына жақындатып, айналдыра бастайды. Арқан жерде айналған кезде ойыншылар оны аяқтарына тигізбей секіреді. Аяғына арқан тиген ойыншы шеңберден шығады.	

	ішегі. Балалардың назарын домбыраның суретіне аудару. Қалай, немен безендіріліп сәнделген таныстыру. – Балалар, домбыра туралы көп нәрсе білдік. Енді осы домбыраны құрастырып жапсырып көрейік. Педагог жұмыс барысында оюды қиғанда жекелеген балаларға көмектеседі. – Алдымен домбыраның бөліктерін қиып дайындап аламыз. – Домбыраның шанағын және басқа да ұсақ бөліктерін қиямыз. – Енді, балалар, оюларды қиямыз. Қиылған оюды домбыра шанағының үстінгі және төменгі жағына жапсырамыз. – Міне, домбырамыз да дайын болды. Балаларды мадақтап, жұмыстарын ұлттық көрме бұрышына қоюды ұсынады. Д/ойын: «Қай жерде шырылдады?» Мақсаты: Дыбыстың қай	түсіруге ұмтылады. Білегі тайып жантайған бала жеңіледі. Бұл білек күшінің жетілуіне көмектеседі. Досына не сыйлайсың? Гүлдің суретін салу. Балалар педагогпен бірге «Достық ережесін» құрастырады. Жолдастарына көмектес. Егер қолыңнан бір нәрсе келсе, оларға да үйрет. Жолдастарыңмен ойын кезінде өзіңе ұнайтын заттарыңмен бөліс. Егер жолдасың жаман қылық жасаса, тоқтатып, дұрыс еместігін түсіндір. Жанжалдасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату ойна, мақтанып кетпе. Жолдасыңның жетістігіне қуан. (Т) Ойын: «Менің досым» «Сенің досың қандай?» Мен бір балаға гүл беремін, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын, ол гүлді	орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгерме алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарына мақтау сөздер айтылады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін әңгімелеп беру.	Ойыншылардың талабы бойынша ол билеуі, ән айтуы немесе басқа бір тапсырма орындауы керек. Осыдан кейін оның қолына арқанды береді, ол жүргізушінің орнына тұрады. Осылай ойын жалғасады. Балаларға Наурыз мерекесіне арналған ән жаттату Тапқатарын айтқызу
--	---	--	---	--

		жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоныраушаны дайындайды. Ойын барысы: Балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шенбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Тәрбиеші бір балаға қоныраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұқсайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады.	алып, толық сөйлеммен өз досының қандай екенін айтып, келесі балаға гүлді ұсынады. Мысалы: Менің досым Мадияр, өйткені... Менің досым әдемі, өйткені... Менің досым адал, өйткені		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен		Картотека №16	Картотека №17	Картотека №18	Картотека №19
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолынды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты арнайы сөреге қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		«Мінездеме суреті» Ертегі кейіпкерлерін салыстырады.	«Бұл қай кезде болады?» /Суретші қоянды әртүрлі мезгілде салған, анықтау\	«Кірпі» жаттығуы Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)	«Ыстық дөп» Қыс ерекшеліктерін дұрыс айту
Балалармен жеке жұмыс		Бекнұрға Ұлы жеңіс күніне арналған тақпағын жаттату	Азизге Ұлы жеңіс күніне арналған тақпағын жаттату	Әділханға Ұлы жеңіс күніне арналған тақпағын жаттату	Х.Асылбайға Ұлы жеңіс күніне арналған тақпағын жаттату
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен		Картотека №16 Салыстыру	Картотека №17 Салыстыру	Картотека №18 Салыстыру	Картотека №19 Салыстыру
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы		Ата-анаға кеңес: Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.	Ата-аналармен әңгіме Балалардың тәртібі жайында	Ата-анаға кеңес: Балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.	Ата-аналармен әңгіме Балалардың тәртібі жайында

Тексерілді
МКҚК директоры:
Г.С.Узақбаева
«__» __» 2023 жыл